

Қазақстан Республикасының
Білім және Ғылым министiрлігі
Түркістан облысы
Шардара қаласы
Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

Тақырыбы:

**«Терең білім, еңбекқорлық және
отаншылдық қасиет»**

Шардара қаласы.

Бекітемін:
Мектеп директоры:
Ж.Нұрымбет

Келісемін:
ДТІЖО: М.Әділхан
Л.Қалиева

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі
« **Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет** » тақырыбында
алғашқы қоңырау мерекесінің бағдарламасы.

Мақсаты: Оқушылардың бойында білімге құштарлығын қалыптастыру,
Отанға деген азаматтық жауапкершілікті сезінуіне ықпал ету және жаңа оқу
жылының алдында мереке атмосферасын құру, Қазақстан Республикасы
Конституциясы күнін атап өту, Қазақстан халқы бірлігін нығайтудағы
олардың маңызын ашу.

Жүргізуші:

Армысыздар құрметті қонақтар, ұстаздар, ардақты ата-аналар. Міне!
Қиын да қызыққа толы 2021-2022 оқу жылында тарих қойнауына қалдырып,
жаңа 2022-2023 оқу жылын бастағалы тұрмыз. Жаңа оқу жылы құтты
болсын.

Жүргізуші:

Көк байрағым аспанындай зенгір көк,
Желбірейді мен тәуелсіз елмін деп.
Елдігімді, ерлігімді танытқан,
Көк туымды биіктерден көрдім көп.

Биіктерге көтерілсе байрағым.
Аркаланып арта түсер айбарым.
Өр мінез, жылқы тектес бабамдай,
Ту көтерсе намысымды қайрадым.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы әкелінсін.

Жүргізуші:

Көгіңде тұр көк байрағың желбіреп,
Елтаңбаға қараймыз біз елжіреп.
Әнұранды шарықтата шырқаймыз,
Бабаларды еске аламыз ержүрек.

Әнұраным шырқалғанда шарықтап,
Құс патшасы көкбайрақта қалықтап.
Алтын арай, күн нұрымен оянған,
Өз отанын ардақтайды халық хақ.

Қазақстанның мемлекеттік әнұраны орындалсын.

Жүргізуші:

Құттықтау сөз кезегі мектебіміздің директоры Нұрымбет Жалғас ағай мен

----- қонағымызды ортаға шақырамыз.

Жүргізуші:

Туған жерім гүл көктем тұнып жатқан,
Байтақ елім, бақытым, ашық аспан.
Дария дәурен жанымды жырға бөлеп,
Анамыздай аялап, нұрын шашқан.

Үміт құсы шарықтап аспанымда,
Қайрат құйды толқыған жас жаныма.
«Отаным!» деп жан берген Әлиядай,
Бір би боп қалайын дастаныңда.

Тілеуберген Інжудің орындауында «**Аяулы мектебім**» әнін қабыл алыңыздар

Жүргізуші:

Сан жастың қамын шертесің,
Тағдырын ойлап толғанып.
Әр үйдің бір-бір еркесін,
Үйреттің өзің қолға алып.

Жақсы адам елдің тірегі,
Байлығы туған халқының.
Шапағын шашар үнемі,
Көңілді тұрған жарық қып.
Ендігі сөз кезегі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Қосбай
Наурызбай ағайды ортаға шақырамыз.

Жүргізуші:

Өмір ырғақ, нәзік әуен, асқақ үн,
Айдын, дала, аспан, үн!
Ғұмыры жоқ ырғақтардан басқаның,
Ей адамзат, бас әуенге, қос әнге.
Шыркат биік тіршіліктің дастанын,
Өмір-ырғақ әуеніне ермесең.
Тірлігі – тұл, тас-жаның.

Келесі кезекті Арулар тобының орындауындағы «**Отан**» әніне береміз.

Жүргізуші:

1 қыркүйек күнімен,
Аңқыған жұпар гүлімен.
Келіп ем қарсы алды мектебім,
Сүйкімді қоңырау үнімен.

Сыңғырла-сыңғырла тағыда,
Шақыра білімнің бағына.
Қоңыраудың әсем дауысы ғажайып,
Шаттық берсін, жас өренім жаныңа.
Ендеше сағына күткен алғашқы қоңырау үнін тыңдайық.

1 «ә» сынып оқушылары Ізбасар Фатима мен Ізбасар Зәуре

Жүргізуші:

Ән қалықтап көгімде,
Бақыт болсын өмірде.
Салған әнің ғажайып,
Шабыт берсін көңілге.
Сандуғаштай сайрашы құйқылжытып,
Алпыс екі тамырда қан туласын.
Бұлбұл құстай әнге сал мың құбылтып,
Елітпеген бұл әнге жан қалмасын.
Қыздар-ай тобының орындауындағы «Ардақты ұстазым» әніне кезек
берейік.

Жүргізуші:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы шығарылсын.

Жүргізуші:

Мұғалім – ардақты аты ұмытылмас,
Өзіме бала күннен үні сырлас.
Нәр алып алғашқы рет сол ұстаздан,
Арманның асқарына ұмтылған жас.

Бойыма алаулатып күш жалынды,
Өмірге ұмтылдырған құштарымды.
Кеудеме білім нұрын құйып берген,
Құрметтеп өтем мәңгі ұстазымды.

Жүргізуші:

Осымен білім күніне арналған мерекелік концертіміз аяқталды. Көңіл қойып
тыңдағандарыңызға көп рахмет. Қош сау болыңыздар.